

Тамақ дайындауға және тұтынушылардың (жеке тұлғалардың) тұрмыстық шаруашылық қажеттіліктері үшін су жылытуға газ берудің нормалары туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімиятының 2005 жылғы 29 қарашадағы N 350 қаулысы. Маңғыстау облыстық Әділет Департаментінде 2006 жылғы 6 қаңтарда N 1936 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 шілдедегі № 225 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.07.2015 № 225 қаулысымен(қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Монополияшы кәсіпорындардың қызмет көрсетулеріне бағалар мен тарифтерді мемлекеттік реттеу жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 400 қаулысына сәйкес, облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тамақ дайындауға және тұтынушылардың (жеке тұлғалардың) тұрмыстық шаруашылық қажеттіліктері үшін су жылытуға газ нормалары, есептеу құралдары болмаған жағдайда

қыс мезгілінде (01 қарашадан 30 сәуірге дейін) - айына бір адамға 12 (он екі) текше метр ;

жаз мезгілінде (01 мамырдан 31 қазанға дейін) - айына бір адамға 8 (сегіз) текше метр болып бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.М. Бортникке жүктелсін.

3. Осы қаулы 2006 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Облыс әкімі